

Авторлар туралы мәліметтер

Аршабеков Темирғали Тлеубекович – гуманитарлық ғылымдар магистрі, «Қарағанды облысының ғылыми техникалық құжаттама жөніндегі мемлекеттік архиві» КММ-нің басшысы, Қарағанды, Қазақстан.

Ибраева Дария Махатжановна – гуманитарлық ғылымдар магистрі, Габиден Мұстафин атындағы жалпы білім беретін мектебінің тарих пәні мұғалімі, Қарағанды, Қазақстан.

Information about authors

Arshabekov Temirgali Tleubekovich – Master of Humanities, Head of the Municipal State Institution "State Archive of the Karaganda Region for Scientific and Technical Documentation", Karaganda, Kazakhstan.

Ibraeva Dariya Mahatshanovna – Master of Humanities, History teacher at the Comprehensive School named after Gabiden Mustafin, Karaganda, Kazakhstan

Сведения об авторах

Аршабеков Темирғали Тлеубекович – магистр гуманитарных наук, руководитель КГУ «Государственный архив Карагандинской области по научно-технической документации», Караганда, Казахстан.

Ибраева Дария Махатжановна – магистр гуманитарных наук, учитель истории общеобразовательной школы имени Г.Мустафина, Караганда, Казахстан.

FTAXP 03.20

СЕМЕЙ ОҚРУГІНДЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҰЖЫМДАСТЫРУ: ӘКІМШІЛІК ОЗБЫРЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЫ (1928-1930 ЖЖ.)

Бакыт Ж. Атантаева¹, Айжан Р. Ботабекова², Маді Е. Турлыбаев³
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті (Семей, Қазақстан)

E-mail: batantaeva@mail.ru¹, aizhan.botabekova@mail.ru²,
toleuoffmadi@gmail.com³

¹ <https://orcid.org/0000-0001-6104-9797>

² <https://orcid.org/0009-0009-1384-8047>

³ <https://orcid.org/0009-0000-3918-6082>

Аңдатпа. 1920-1930 жылдары Қазақстанда жүзеге асырылған саяси-экономикалық реформалар әлеуметтік және мәдени тұрғыда орны толмас өзгерістерге алып келді. Кеңес үкіметінің аграрлық саясаты, оның ішінде ауыл шаруашылығын ұжымдастыру шаралары қазақ халқының дәстүрлі өмір салты мен шаруашылық құрылымын түбегейлі өзгертіп, ауылдық аймақтардағы әлеуметтік тұрақсыздықты өршітті. Қазіргі таңда осы тақырып шеңберінде отандық және шетелдік тарихшылардың зерттеулері көптеп жүргізілуде. Олардың еңбектерінде ұжымдастырудың себептері мен салдарын талдау, сондай-ақ осы реформалардың қазақ халқының тарихи және мәдени дамуындағы терең іздеріне қатысты жаңа көзқарастар мен тұжырымдар қалыптасып отыр. Дегенмен, өңірлік деңгейде, яғни Қазақстанның әрбір аймағындағы ұжымдастыру шараларының ерекшеліктері мен жергілікті халыққа тигізген әсеріне қатысты зерттеулер әлі де жеткіліксіз. Өңірлік тұрғыдан жүргізілген

зерттеулердің аздығы ұжымдастыруды іске асыру ауқымы мен оның жергілікті ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік бермей отыр. Осы бағыттағы зерттеулердің артуы, жергілікті жағдайлар мен халықтың қоғамдық-саяси жағдайын нақтырақ бағалауға ықпал етері сөзсіз.

Мақалада 1928-1930 жылдары Кеңес Одағының ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың алғашқы кезеңі және оның Қазақстанның шығысында жүзеге асу ерекшеліктері архивтік деректер мен статистикалық материалдар негізінде талданып, ұжымдастыру саясатының аймақтық сипаттары мен салдары қарастырылады.

Зерттеу барысында, ең алдымен, ұжымдастырудың себептеріне, соның ішінде мемлекетке астық өткізу жоспары аясында орын алған асыра сілтеулер, жергілікті органдардың заңсыз әрекеттері және БК(б)П ОК басшылығы тарапынан ауыл тұрғындарына бағытталған әділетсіз саясатына назар аударылған. Сонымен қатар, авторлар ұжымдастыру шараларының қазақ ауылдары мен орыс тілді тұрғындар шоғырланған аудандарға тигізген зардаптарын салыстырады.

Түйін сөздер: Ұжымдастыру, ауыл шаруашылығы, реформа, экспроприация, миграция, қарсылық, көшіп кету, жер аудару, жергілікті органдар, асыра сілтеу.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым комитетінің АР23485479 «Семей округіндегі қарулы бас көтерулер құжаттарда: қатысушылардың тарихы және тағдыры (1929-1931жж.)» гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде дайындалған.

Кіріспе

1928 жылы Қазақстанда басталған ауыл шаруашылығын ұжымдастыру науқаны қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық жүйесін күйретіп, ауыл тұрғындарын ауыр әлеуметтік және экономикалық дағдарысқа алып келді. Ұжымдастыру барысында жергілікті халықтың еңбек ресурстары ұжымшарларға күшпен біріктіріліп, ірі шаруашылықтар жойылды. Қазақтардың мал шаруашылығына негізделген дәстүрлі өмір салты өзгеріп, елдің көптеген аймақтарында жаппай көші-қон, ашаршылық және саяси қуғын-сүргіндер басталды. Бұл кезеңде, әсіресе, әлеуметтік әділетсіздік пен экономикалық қысымның артуы, сондай-ақ жергілікті билік тарапынан заңсыздықтар мен зорлық-зомбылықтың орын алуы ауыл тұрғындарының наразылығын тудырып, оларды ашық қарсылыққа және тарихи отанын тастап, қашуға мәжбүр етті.

Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру тарихын кешенді түрде зерттеу бастамалары 1990-шы жылдары қолға алынды (Омарбеков, 1994; 1997; Неизвестные страницы, 2002; Қозыбаев, 1992; *Абылхожин*, 1997). Бұл зерттеулердің нәтижесінде тоталитарлық жүйенің Қазақстандағы әлеуметтік, саяси және экономикалық салдары жан-жақты талданып, кеңестік реформалардың ауыл халқы мен ұлттық құрылымға жасаған теріс әсері анықталды.

Бұл мақалада, Семей өңірінде жергілікті биліктің ауыл шаруашылығын ұжымдастыру шараларын атқару барысында ауыл тұрғындарына қатысты ұстанған саясаты мен заңсыз әрекеттері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты — аталған өңірде шоғырланған түрлі халықтардың, әсіресе қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығына, әлеуметтік құрылымына және тұрмыс-тіршілігіне ауыл шаруашылық науқандарының тигізген әсерлерін зерттеу.

Материалдар мен әдістер

Қазіргі әдіснамалық база тақырыпты зерттеудегі олқылықтарды жоюға және әлі зерттелмеген аспектілерді қарастыруға мүмкіндік береді. Мақала авторлары қазіргі отандық тарих ғылымының негізгі ұстанымдарына сүйене отырып, объективтілік, жүйелілік және салыстырмалы-тарихи талдау сияқты әдіснамалық принциптерді қолданған.

Кеңестік кезеңде бұл тақырып төңірегінде зерттеу өз алдына, ой қозғаудың өзі мүмкін

емес еді. Тәуелсіздік жылдары «ұжымдастыру», «ашаршылық» тақырыбындағы архив құжаттарына зерттеушілер қол жеткізіп, оны тереңдете қарастыра бастады. Сонымен бірге, 1990-шы жылдарынан бастап Қазақстанның орталық архивтері де әр жылдары құжаттар жинақтарын жариялай бастады. Бірақ, айта кету керек, бұл басылымдарда ауыл шаруашылығын ұжымдастыру кезеңі бойынша құжаттар аз көлемде берілген. Архив құжаттарының бір бөлігі «Трагедия казахского аула. 1928-1934 гг.» (Трагедия казахского, 2013) және «Насильственная коллективизация и голод в Казахстане в 1931-1933 гг.» (Насильственная, 1998) құжаттар жинақтарында ұсынылса, кейінірек 2021 жылы отан тарихшыларының қажырлы еңбегінің арқасында бұрын жарық көрмеген құжаттар «Ашаршылық. Голод. 1928-1934 гг.» (Ашаршылық, 2021) құжаттар жинағына топтастырылып, жарияланды. Жалпы Кеңес Одағының ұжымдастыру тарихына байланысты Ресей мемлекеттік архивтерінен алынған «Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание» (Трагедия советской, 2000), «Советская деревня глазами ВЧК, ОГПУ, НКВД» (Советская деревня, 2000) сияқты құжаттар жинақтарында берілген дерек көздері мәселені біршама аша түсетін құнды материалдар болып табылады. Құнды деректер беретін еңбектерге 2002 жылы шыққан «Неизвестные страницы истории Семипалатинского Прииртышья (20-30 гг. XX в.)» (Неизвестные страницы, 2002), сондай-ақ 2022 жылы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссиямен бірлесе жүргізілген зерттеулер нәтижесінде жинақталған материалдар жинақтары» (Саяси, 2022) жатады. Бұл жинақтарда Кеңес өкіметі Семей өңірінде ауқатты шаруаларды тәркілеу, жер аудару және ауыл шаруашылығын ұжымдастыру саясатына қатысты материалдар кеңінен ұсынылған.

Зерттеудің материалдары ретінде Абай облысының мемлекеттік архивінен (одан әрі-АОМА) алынған Ф. Голощекиннің Семей округтік партия комитеті басшыларымен тікелей сым арқылы «аса құпия» түрде берілген нұсқаулары, арнайы ақпараттары, басқада құжаттар, соның ішінде Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру кезеңінде шаруаларға қатысты «асыра сілтеу» деректері көрсетілген жергілікті органдардың баяндамалары, статистикалық материалдар мен анықтамалар (Қ.74. Т.3. Іс.6., Қ.74. Т.3. Іс.7., Қ.74. Т.3. Іс.17., Қ.128. Т.1. Іс.116., Қ.3п. Т.1. Іс.414., Қ.3п. Т.1. Іс.457) зерделеніп, пайдаланылды. Сондай-ақ, мақалада Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік архивінен (одан әрі-ШҚОМА) алынған (Қ.2866. Т.1. Іс.501) Семей өңіріндегі жергілікті басшылардың жазбаша естеліктеріндегі ұжымдастыру тақырыбына қатысты деректер қоланылды.

Сол кезде өмір сүрген және болған жағдайды өз көзімен көрген адамдардың ауызша деректері осы зерттеу барысында тақырыпты ашуға айтарлықтай көмектесті. Белгілі қайраткер Ике Әділұлының туысы Серікбол Қабдылқақұлымен жүргізілген сұхбат барысында алынған ауызша деректер (Далалық материал. Информант Қабдылқақұлы С.) мақалада, ұжымдастыру жылдарындағы тұрғындардың Қытай жеріне миграциясынан мәлімет беретін жан-жақты дерек көзі міндетін атқарды.

Талқылау

1990-шы жылдары жарық көрген, 1920-1930 жылдардағы Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық үрдістердің негізгі мәселелері көтеріліп, зерттелген Т. Омарбековтың монографиялары (Омарбеков, 1994, 1997) осы тақырып төңірегінде зерттеу жүргізіп жүрген зерттеушілер үшін бағыт-бағдар бола алды.

Кейбір Ресей тарихшыларының еңбектерінде де Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру шараларына қатысты деректер келтіріле отырып, зерттелген. Бұл тақырып төңірегінде 1990 жылдары Ресейде алғашқылардың бірі болып Н.А. Ивницкий, В.П. Данилов жан-жақты тарихи шолу жасап, 1920-шы жылдардың аяғы мен 1930-шы жылдардың басында Кеңестік биліктің ауылдардағы қуғын-сүргін шараларына қатысты бұрынғы Кеңес Одағының аса құпия Саяси Бюро архиві (қазіргі Президенттік архиві, Ресей федералдық қауіпсіздік қызметі архиві) архивтерінің материалдарын негізге ала отырып жіті зерттеген. Н.А. Ивницкийдің «Репрессивная политика советской власти в деревне (1928-1933

гг.)» (Ивницкий, 2000) еңбегінде ұлттық республикалар мен облыстардың мал шаруашылығы және егін шаруашылық аудандарының ерекшеліктеріне салыстырмалы түрде назар аударылып, сондай-ақ, 1920-шы жылдардың соңы 1930-шы жылдардың басында қуғын сүргінді жүзеге асыруда негізгі рөл атқарған жазалаушы органдардың әрекеттеріне кеңінен тоқталған. В.В. Кондрашин «Голод 1932-1933 годов: трагедия российской деревни» (Кондрашин, 2008) еңбегінде ауыл шаруашылығын ұжымдастыру мәселелері бойынша зерттеулерге концептуалдық жағынан барынша тың деректер келтірген.

Қазақстанның кеңестік кезеңдегі тарихын зерттеуде Батыс елдерінің халықаралық зерттеушілер тобына кіретін француз тарихшысы Изабель Огайон (Огайон, 2009) мен неміс тарихшысы Роберт Киндлер (Киндлер, 2017), америкалық тарихшы Сара Кэмеронның (Кэмерон, 2020) Ресей және Қазақстан мемлекеттік архивтерінен алынған «күпия» белгісі бар құжаттар негізінде «көшпелілер седентеризациясы», «ашаршылық» тақырыптары төңірегінде Қазақстан тарихшыларының зерттеулерін салыстырмалы-сыни түрде талдап, өз тұжырымдарын берген. Сонымен қатар, 1920-1930 жылдардағы күрделі әлеуметтік-экономикалық және саяси процестер: "Кіші Қазан" саясаты, ауқатты шаруаның мүлкін тәркілеу, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру және отырықшыландыру, 1930-1933 жылдардағы аштық мәселелері бойынша жарық көрген монографияларға егжей-тегжейлі тарихнамалық шолу жасаған.

Қазіргі уақытта қазақстандық авторлар Zhirindinova K.R., Zhanbosinova A.S., Atantaeva B.Zh. «Social adaptation of Kazakh nomads in the period of forced collectivization» (Zhirindinova, Zhanbosinova, Atantaeva, 2019) деп аталатын рецензияланатын журналда жарияланған мақаласында тарихи деректерді талдау арқылы, бұл кезеңдегі өзгерістердің әсерін ғылыми тұрғыда көрсете отырып, күштеп ұжымдастыру кезіндегі халықтың әлеуметтік бейімделу процесіне қатысты тұжырымдарын берген.

Нәтижелер

1928 жылы Кеңес үкіметі ауыл шаруашылығын қайта құру мақсатында ұжымдастыруды жүзеге асыруды бастады. Бұл процесс ауыл шаруашылығын социалистік негізде қайта құруды көздеген маңызды қадам болды. Ұжымдастырудың басты мақсаты – жеке меншік жерлерді жою және олардың орнына ұжымдық шаруашылықтар құру арқылы ауыл шаруашылығын мемлекеттік басқаруға алу еді. Мұның нәтижесінде, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру Кеңес үкіметінің социалистік қоғам құру жолындағы стратегиялық қадамы ретінде айқындалды.

Ұжымдастыру ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін арттыруды және аграрлық секторды индустриализациялауды көздеді. Бұл мақсаттар ауыл шаруашылығы өнімдерін ұлғайту, сондай-ақ өндірісті жаңартылған техникалар мен жетілдірілген әдістер арқылы дамытуға бағытталды. Сонымен қатар, ұжымдастыру үдерісі ауыл шаруашылығы ресурстарын орталықтандыруды, яғни мемлекеттік бақылауға алу арқылы халық шаруашылығын нығайтуды мақсат етті. Осылайша, ұжымдастыру ауыл шаруашылығын дамыту мен Кеңес үкіметінің экономикалық саясатын күшейту үшін маңызды құрал болды.

Сондай-ақ, социалистік индустриализацияны жүзеге асыруды көздеген большевиктер үшін бірінші бес жылдықта ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау ерекше мәнге ие болды. Кеңес Одағының басшылығы бұл өнімдерді сыртқа шығаруды индустриализация мен экономикалық дамудың маңызды көзі ретінде қарастырды. Өйткені индустриализацияны қаржыландыру үшін елдегі ауыл шаруашылығының ресурстары қажет болды, оның ішінде астық экспортынан түскен табыс мемлекетке қажетті капиталды жинақтауда маңызды рөл атқарды. Сол себепті, ауыл шаруашылығы өнімдерін сату арқылы алынған қаражат ауыр өнеркәсіпті дамытуға, жаңа зауыттар мен фабрикалар салуға, сондай-ақ әскери қажеттіліктерді қамтамасыз етуге жұмсалды.

Алайда, 1927-1928 жылдары орын алған астық дағдарысы Кеңес үкіметі үшін күтпеген жағдай болды, себебі большевиктер аграрлық саясаттың нәтижесінде астық өндірісін

арттырып, ауыл шаруашылығын тұрақтандырады деп үміттенген еді. Орталық Комитет алдымен бұл дағдарысты партия мен кеңес органдарының өңірлік экономикалық жағдайды бақылауда ұстамауы және ауыл шаруашылығында жүргізілген саясаттың тиімділігінің төмендігімен түсіндірді. Бұл жағдайда ауыл шаруашылығына қатысты жүргізілген саясаттың сәтсіздігі мен экономикалық механизмдердің дұрыс жұмыс істемеуі басты себептер ретінде қарастырылды. Шын мәнінде, астық дағдарысы аграрлық реформалардың жеткіліксіздігі мен нарықтық механизмдердің тиімсіздігі нәтижесінде пайда болды. Мәселен, ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыруға бағытталған шаралар нәтиже бермеді, өйткені жергілікті деңгейде аграрлық реформалар мен жоспарлы экономикаға тән орталықтандырылған басқару жүйесі ауыл шаруашылығында тиімді жұмыс істей алмады (Омарбеков, 1997:43). Осыған орай, құрылыс пен индустриализацияға қажетті ресурстарды қамтамасыз ету мақсатында ауыл шаруашылығының экономикалық талаптары мен жағдайлары ескерілмей, өз кезегінде, дағдарыстың тереңдеуіне әкелді.

1927 жылы БК(б)П-ның XV съезінде қаралған индустриализацияның бес жылдық жоспарынан кейін И. Сталиннің бұл астық дағдарысынан шығудың кез келген жолдарын қолдайтындығы, өңірлерге арнайы жіберілген төтенше тапсырмаларынан көрініп тұрды. Себебі, индустриализацияны жүзеге асыру үшін мейлінше барлық мүмкін ресурстарды пайдалану қажет еді. Мемлекет ауыл шаруашылығы мен ауыл тұрғындарын экономикалық тұрғыдан жүктеп, индустриализацияның қарқынды жүзеге асуына қажетті материалдық базаны қалыптастыруға тырысты. Сөйтіп, бас жоспарды орындау, яғни индустриализацияның нәтижелеріне қол жеткізу, барлық өңірлерде басты мақсатқа айналды.

Расында да, 1927-1928 жылдардағы астық дағдарысы алаңдатарлық жағдай болды. Астық дағдарысының жалпы көлемін И. Сталин өзінің 1928 жылы 13 ақпанда БК(б)П-ның барлық ұйымдарына жолдаған хатында: «Егер 1927 жылғы қаңтарда біз 428 миллион пұт дәнді астық дайындап үлгерген болсақ, ал 1928 жылғы қаңтарда дайындалған дәнді астық 300 миллион пұтқа әрең жетеді», - деп астықтың жетіспеушілігі 128 миллион пұтқа жеткенін атап көрсетеді (Омарбеков, 1997:41).

Қазақстанның шығыс аймақтары, оның ішінде Семей, Павлодар, Өскемен сияқты өңірлер тарихи тұрғыдан әртүрлі этникалық топтардың көптеп қоныстанған жерлері болды. Астық өндірісін арттыру және жоспарды орындауда осы өңірлердегі халықтардың рөлі ерекше болды, себебі олардың негізгі кәсібі – егіншілік еді. Бірақ бұл жерде мемлекетке артық астықты өткізу қажеттілігі шаруаларға қосымша қаржылық жүктеме әкелетіндігін атап өткен жөн. Сонымен қатар, салық мөлшерінің жыл сайын өсіп, қосымша салық түрлерінің енгізілгендігін ескерсек, астық жоспарын орындау шаруаларға қиындық туғызып, бұл олардың табысы мен ресурстарын шектеді. Осы қалыптасқан жағдайда шаруалар тек мемлекетке тиісті алым-салықтарды төлеуден ғана емес, сонымен қатар нарықтағы бағаның күрт төмендеуінен де қиналды. Осыған қатысты, БМСБ 1928 жылы ақпан мен наурыз айлары аралығында Қазақстанның саяси және экономикалық жағдайын талдай отырып, былай деп жазған: «Бірыңғай ауыл шаруашылығы салығын төлеу мерзімінің жақындауы мен барлық берешектерді тез арада өтеу қажеттілігіне байланысты орта шаруалар өздеріндегі артық астықты сата бастады» (Трагедия казахского, 2013:39). Алғашында қолдарындағы артық астықты сату арқылы шаруалар салық міндеттемелерін орындауға тырысқанымен, бұл олардың экономикалық жағдайын жақсартпады. Сонымен қатар, шаруаларға нарықтағы астық бағасын көтерді деп айып тағылып, бұл мемлекет тарапынан қосымша қысым көрсету мен қатаң шаралардың қабылдануына себеп болды.

Әсіресе, Сталинді Сібірмен көрші жатқан Семей, Петропавл губернияларындағы астық бағасының жоғары болуы алаңдатты, және мұндай қалыптасқан жағдайды *"шектен шыққан масқара"* деп санады (Известия №6, 1991:203). Осыған орай, Сталин 1928 жылы 15-ші қаңтардағы Сібірге арнайы сапарында өлкенің басшылығына алыпсатарлармен күресу үшін РКФСР қылмыстық кодексінің 107-бабын қолдануды ұсынды.

Нәтижесінде тауар сатып алу бағасын жасыру немесе нарыққа шығармау арқылы қасақана көтеру дерегі бойынша шаруалар РКФСР Қылмыстық кодексінің 107-бабына сәйкес

жазalandы. Бұл бап бойынша шаруаларға «мүліктің барлығын немесе бір бөлігін тәркілеу, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру» жазасы қарастырылды. Сондай-ақ саудагерлердің өзара сөз байласу дерегі тіркелген жағдайда «барлық мүлікті тәркілеу арқылы үш жылға дейін бас бостандығынан айыру» жазасы қарастырылған (Уголовный, 1927:47). Бұл заң нормасы шаруашылық қатынастарды реттеу және нарықтық экономикадағы тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында қабылданған еді. Алайда бұл өзгерістерге қатысты шаруалардың өз көзқарастары болды.

Мәселен, Сібірдегі шаруаларға астықты мемлекетке өткізгеннен гөрі, көрші аудандарға жоғары бағада сатқан тиімдірек еді. Бұл жерде біз нарықтық механизмдермен тығыз байланысты шаруа қауымының өзіндік ұстанған заңды саясатын байқаймыз. Мұндай жағдайда шаруаларды айыптау қиын, өйткені олар нарықтық механизмдерге сәйкес әрекет еткен. Бұл тәсіл нарықтық қатынастарға негізделген шаруашылық жүргізудің тиімді стратегиясы ретінде қарастырылуы мүмкін. Сталинді ашындырған және төтенше жағдайларға әкелген астық дайындау науқанының іске аспауының негізінде осындай заңдылық жатқан еді. Ал Сталин болса шаруаларды алыпсатарлар деп қисынсыз айыптады. Әсіресе, ЖЭС-тың ресми түрде тоқтатылмағанын ескерсек, бұл жағдай жергілікті әкімшіліктің ауыл шаруашылығын жүргізудің жаңа бағытын енгізуде елеулі қиындықтар тудырғанын көрсетеді.

Осы сәттен бастап жергілікті басшылыққа нарықтағы астық бағасын бақылауда ұстау басты тапсырма болып бекітілді. Бұл жағдай Семей өңіріне қарасты аудандардағы саяси-экономикалық жағдайды күрт күрделендірді десек болады. Себебі жергілікті саяси-экономикалық науқандарға жауапты тұлғалар міндеттерін орындау барысында асыра сілтеген. Сталиннің жеке кездесуінде болған Семей губерниялық комитетінің 1-ші хатшысы Беккер де өз кезегінде еңбеккер қызметкер болып шықты: бүкіл губерния бойынша мемлекеттен жасырылған астықты іздестіру және тәркілеу бойынша шараларды бастап, шаруалардың соңғы пұт астығына дейін тартып алу жағдайлары орын алды (Киндлер, 2017:112).

Кейінірек, осы шаралардың аса қатыгездікпен жүргізілгендігі және өрескел заң бұзушылықтарға толы болғанын РКФСР Жоғарғы сотының Қазақ бөлімі төрағасы Өлкелік комитетке жолдаған баяндамасында атап көрсетеді (Ашаршылық, 2021:235). Баяндамада, Семей губерниясының 1-ші хатшысы Беккердің ісі аясында жүргізілген заңсыз әрекеттері әшкереленген. Бірақ мұнымен заңсыздықтар тоқтады деп айту қиын, себебі бұдан кейін де Семей өңірінде осы тәріздес заңсыз әрекеттер жалғаса берді. Сталиннің Орал және Сібірге құпия сапарының нәтижесін В. М. Молотов пен С. В. Косиорға жолдаған хабарламасынан байқауға болады: «Жергілікті партия қызметкерлері нағыз большевиктер сияқты бұл іске құлшыныспен әрі ар-ұжданмен кірісті, бұл табысқа жетуге үлкен сенім береді, осы жағдайды атап өту міндетім деп санаймын» (Известия №5, 1991:202).

КСРО бойынша 1928 жылдың ақпан-сәуір айларында БМСБ-ның алыпсатарларға қарсы жаппай операциялары кезінде 6 794 адам тұтқындалып, оның ішінде астық сату дерегі бойынша 4 118 адам жауапкершілікке тартылған (Данилов, 2006:40). Осылайша астық дайындау науқаны «төтенше» сипатқа ие болып, алыпсатарлыққа қарсы «жаппай операциялар» мен қамауға алу шаралары мамыр-маусым айларында да жалғасты. Сталин өзі байқағандай жергілікті «жұмысшылар жағдайды түзету үшін қолдарынан келетіннің бәрін жасауға дайын» болды (Известия №5, 1991:202).

Н. Кубяк Қазақ өлкелік партия комитетінің бюросында Орталық комитет пен Өлкелік комитет директиваларын орындау барысы жеткілікті түрде жылдам, әрі табанды жүргізілмегенін атап өтіп, алыпсатарлықпен күрес үшін барлық партиялық-кеңестік және кәсіподақ ұйымдарына, астық дайындау науқанын күшейту туралы қатаң директивалар жіберді. Олардың ішіндегі ең маңыздылары:

- губерниялар бойынша жедел үштіктерді ұйымдастыру;
- 17 жауапты өлкелік қызметкерді орындарға қосымша жіберу;
- ауыл шаруашылығы салығының соңғы мерзімдерін 1 ақпанға ауыстыру және басқа да төлемдерді алуды күшейту;

- астық дайындаудың жалпы жоспарын ұлғайту және ішкі тұтыну жоспарын қысқарту;

- астық дайындаушы губернияларға астық дайындау жоспарын беру қаңтар мен ақпан айының екінші жартысына 8-ден 9 млн-ға дейін мөлшерде пұт астық беру міндеттелді (Ашаршылық, 2021:28). Байқағанымыздай мемлекет осы саяси-экономикалық жүктемелерді орындауға барлық жағдайды жасаған.

Нәтижесінде, 1928 жылы нарықтағы астықтың бағасын тұрақтандыру үшін жергілікті органдардың алыпсатарлықпен күресі күшейе түсті. 1-кестеде алыпсатарлыққа қарсы КСРО-ның астық және тері дайындау нарықтарындағы қуғын-сүргін шаралары туралы мәліметтеріне көз жүгіртсек.

Кесте 1. Алыпсатарлыққа қарсы КСРО-ның астық және тері дайындау нарықтарындағы қуғын-сүргін туралы мәліметтер және 1928 жылғы 30 сәуірдегі жағдай бойынша антикеңестік элементтер (Қазақстан мысалында): (Советская деревня, 2000:1038).

Аудан атаулары	БМСБ органдары тұтқындаған жеке меншік иелері саны		Істің жүруі		Сонымен қатар, кулактар сотталған			
			Тұлғалар саны		ҚК 107 бабы		Саяси қылмысы үшін	
	Астық нарығы	Тері нарығы	Сот шешімімен	Ерекше кеңеспен	БМСБ орган.	Сот	БМСБ орган.	Сот
Қазақстан	332	155	654	124	182	-	49	-

Ауыл шаруашылығы науқандарының қатал әрі зорлық-зомбылыққа толы әдістермен жүргізілуі шаруалардың қарсылығын тудырды, бұл өз кезегінде әлеуметтік және саяси шиеленістердің ұлғаюына себеп болды. 1929 жылғы Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқармасының (БМСБ) құпия-жедел бөлімінің баяндамаларында шаруалардың наразылықтары «контрреволюциялық әрекеттер» ретінде сипатталды. БМСБ баяндамаларының бірінде: «контрреволюциялық топтардың әрекеті сипаты жағынан 1926, 1927, 1928 ж.ж. қарағанда әр түрлі. Егер бұрын (1925, 1926 ж.ж.) олар тек сайлау науқандары кезінде «Кеңеске тек өз адамдарымыз өтсін» деген ұранымен топтасса, ал 1927 жылы, әсіресе 1928 жылы шаруашылық науқандар кезінде өздерінің мақсатын осы науқандарға қарсы тұру деп білді. 1929 жылғы контрреволюциялық топтар өз топтарын барған сайын тез ұйымдастырып, ұйымды құру, бүлік шығару мақсатымен тікелей міндеттерін күшейтті», -деп ақпарат берген (Советская деревня, 2000:1020). БМСБ-ның мәлімдемелерінен халық наразылықтары негізінен ауылды жерлерде орын алғанын байқауға болады. Шаруалардың баскөтерулері сипаты жағынан Кеңестік билікке қарсы контрреволюциялық ұйымдасқан топтардың әрекеті ретінде қарастырылып, оған саяси айдар тағылған.

Сондай-ақ, ауыл тұрғындарына ұжымдық шаруашылықтардың артықшылығын көрсету мақсатында қаржылық, салықтық әдістерді кеңінен қолданды. Әсіресе ірі шаруашылықтарға салық салу мөлшері ұлғайтылып, олардың белгілі бір өнімдермен сауда жасауына шектеулер қойылды, бұл олардың шаруашылық жүргізу әдістеріне айтарлықтай қысым келтірді (Ивницкий, 2000:10). Бірақ бұл жерде де, жауапты тұлғалар жоспарды орындаймыз деп, асыра сілтеп жатты. Мысалы, 1927 жылдың 1 қарашасынан 1928 жылдың 1 сәуіріне дейінгі аралықтағы Шемонаиха аудандық комитетінің салық жинау және ауыл шаруашылығындағы қиындықтар туралы жарты жылдық есебіндегі мынадай деректерге назар аударсақ: «...Выдриха ауылының азаматы Шелеховтың иелігінде егіс алқабы 10 десятина, 10 бас ірі қара мал және 7 жұмыс жылқысы үшін, ол 107-бап бойынша сотталып, одан 1400 пұт астық тәркіленген. Ал азамат Саранчаның иелігінде егіс алқабы 31 десятина, 19 бас ірі қара мал және 11 жұмыс жылқысы бола тұра, ол сотталмаған» (АОМА. Қ.128. Т.1. Іс 116. П.194). Бұл құжатта

болыстық атқару комитетінен іссапарға жіберілген комиссарлары ірі шаруашылық иелеріне бағытталған шараларды орта деңгейдегі шаруаларға қолданғаны туралы айтылып, осы мәселе бойынша жергілікті жауапты қызметкерлердің жұмысын қатаң сынға алған. Мұндай жағдай барлық Кеңес одағына қарасты өлкелерде байқалды десек артық емес.

1927-1928 жылдардағы астық дағдарысы салық жинау әдістерінде өзгерістер туғызды. Мысалы, «өзіне өзі салық салу» тәртібі түбегейлі өзгертілді. 1928 жылы 7 қаңтардағы РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің (ХКК) және Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің (БОАК) қаулысына сәйкес, ауыл тұрғындары үшін салық төлеу міндетті болды, ал салықты төлемегендер салық заңнамасына сәйкес қудаланды. Өзіне өзі салық салу жүйесінен «шағын жекелеген шаруашылықтар», сондай-ақ мемлекеттік қызметтегі және ауыл шаруашылығымен айналыспайтын азаматтар босатылды.

Өзін-өзі салық салу жүйесі алғашында ерікті негізде болғанымен, нақты жағдайлар көрсеткендей, жергілікті билік органдары мен партия қызметкерлері өз пайдасы үшін оны бұрмалау деректері болған. Тұрғындардан мал-мүліктері заңсыз тәркіленіп, қысым көрсету арқылы оларды төмен бағамен сатуға мәжбүрлеген. Мұндай заңсыздықтарды тоқтату туралы өтініштер тікелей Сталиннің өзіне де жолданып жатты. Мәселен, 1928 жылғы 28 шілдеде Семей губерниясының бір топ азаматы И. Сталинге жолдаған жеделхатында «өзіне өзі салық салу» науқанының барысында орын алған заңсыздықтарды ашық түрде айыптады. Жеделхатта атап көрсетілгендей, көктемдегі азықтандыру қиындықтары мен көктайғақтың салдарынан орын алған жұтқа қарамастан, жергілікті билік шаруаларды өз малдарын арзан бағаға болсада сатып, салықтық міндеттемелерінен құтылуды талап еткен (Ашаршылық, 2021:233). Дәл осындай жағдай Шыңғыстау ауданында да тіркелген. Өзіне өзі салық салу науқаны кезінде орын алған тағы бір заңсыздық — шаруаларды 24 сағат ішінде салықты жинап беруге мәжбүрлеуі болды. Бұл жерде ауданда әлеуметтік құрылымның басым көпшілігін орта шаруалар құрайтынын атап өткен жөн. Салықтарын уақытында төлемегені үшін үстеме айыппұл төлеуден қорыққан шаруалар барлығын беруге дайын болған. Өздері тұтқындалудан қорқып, малдарын арзан бағамен сатуға мәжбүр болып, қойларын 75 тиынға, жылқыларды 7 рубльге дейін сатқан. Ал сол уақытта нарықтағы қой терісінің бағасы 2 рубль 50 тиын болатын (Ашаршылық, 2021:322). Нақтырақ айтқанда, бұл жерде жергілікті билік тарапынан шаруаларға көрсетілген қысым нәтижесінде малдың бағасы нарықтағы құнынан бірнеше есе төмен түскен.

Сондай-ақ, салық науқандарын жүргізу барысында шаруалардан мал-мүліктерін арзан бағаға сатып алу арқылы заңсыз пайда табу деректері де тіркелген. Осындай іс шаралар барысында «...айыппұлға ілініп кетуден қорыққан шаруалардан Турксиб агенттері Шаған және Шыңғыстау болыстарында 328 киіз үй сатып алған (Ашаршылық, 2021:247). Салық салу науқанын пайдаланып жергілікті болыстық атқару комитетінің қызметкерлері мен олардың туыстары тұрғындардың арзан бағадағы мал-мүлкін сатып алуды әдетке айналдырған. Осындай заңсыздықтар Бауыр, Қатон-Балқаш, Абыралы және Қу аудандарында анықталған.

Қарқаралы уезіндегі салық науқанына қатысты заңдылықтың сақталуын тексеру жөніндегі комиссияның телеграф хабарламасына назар аударсақ, онда: «өзіне өзі салық салу» науқанының шеңберінде ауқатты шаруалардан салық жинау тәртібі қатаңдатылып, оны кейде ішінара экспроприацияға айналдырғандары туралы жазылған. Комиссия мәліметтері бойынша, ауыл жиналыстарының шешімдерімен салық салу көлемі көбінесе заңсыз арттырылып, байларға қосымша ауыр салық жүктелген. Сонымен қатар, уезд бойынша салықтың шекті мөлшері 75% болса, кейбір болыстарда бұл көрсеткіш 86%-ға жеткен (Трагедия казахского, 2013:163). Осы сынды заңсыздықтар Семей округінде де жергілікті билік тарапынан мал-мүлік тәркілеу, астық пен ауыл шаруашылығы құралдарын заңсыз алу, сондай-ақ тұрмыстық заттарды тәркілеу сияқты заң бұзушылықтар жиі орын алып отырған (АОМА. Қ.74. Т.3. Іс 7. П.150).

Кеңестік билік ірі шаруашылықтарды анықтау барысында көпетеген қиындықтарға тап болғаны рас. Себебі көшпелілердің мүлкіне нақты санақ жүргізу бұрыннан қиындық тудыратын. Патшалық кезеңде жергілікті әкімшілік шаруалардың мүлкін тәркілеу, салық салу

және басқа да әкімшілік қысым көрсету шараларын жиі қолданғанын білеміз, ал енді мұндай тәжірибе жаңа кеңестік билік тұсында да жалғасын тапты, сол себепті шаруалардың бұл әрекетін өз мүлкін жария етуде қасақана сақтық танытуы заңды деп түсінуге болады. Шаруалар отбасындағы әлеуметтік және экономикалық тұрақтылықты сақтау мақсатында мүлік бөлінісін өздерінің өмір сүру стратегиясы ретінде пайдаланды. Ал жергілікті билік мұдай стратегияны мал-мүліктерін жасыру амалы деп түсініп, туыстық жақындығы бар тұлғалардың шаруашылықтарын біріктіру арқылы ірі шаруашылық ретінде көрсетіп тәркілеген. Арыз шағымдарды қарау барысында анықталған заң бұзушылықтар, жергілікті билікке бұл мәселені қайта қарауға мәжбүр етті. Бұл жерде жергілікті қызметкерлердің қателігі анық көрінеді. Жергілікті қызметкерлер өз кезегінде бұл мәселені келесідей түсіндіруге тырысқан: «Асыра сілтеулер төменгі буын жұмысшыларының қалауы бойынша емес, көбіне нақты нұсқауларды білмегендіктен пайда болды, себебі жоғары органдардың директивалары анық емес екі түрлі мағынаны білдіретін» (АОМА. Қ.3. Т.1. Іс.462. П.16). Көріп тұрғанымыздай, осындай тығырықтан шығу үшін жергілікті билік қараша халықты салық төлеуден жалтарды деп айыптауды орынды деп санаған.

Кейбір жағдайларда, билік заң бұзушылықтарды анықтап, түзету шараларын қолға алуға тырысты. Ресми құжаттардан биліктің заңсыздықтарды белгілі бір деңгейде мойындап, оларды түзету үшін іс-шаралар қабылдағанын жиі кездестіруге болады. Мысалы, 1928 жылы 15 тамызда Өлкелік комитеттің Семей округіндегі жергілікті қызметкерлердің асыра сілтеулерін тоқтату жөніндегі ескертулерінен кейін қабылданған іс шаралар туралы баяндамасында орта шаруалардың мал-мүлкін қайтару жөнінде мәселе көтерген (Ашаршылық, 2021:265). Бұл шаралардың мақсаты — кедей және орта шаруалардан заңсыз тәркіленген малдарды немесе мүліктерді қайтадан өздеріне тарату болатын. Мұндай шешімдер заңсыздықтарды жою шаралары ретінде қабылданғанымен, олардың қабылдануы заңсыздықтардың толық жойылуына әкелді деу қиын.

Шаруаларға қатысты партия тарапынан болған асыра сілтеулер мен әкімшілік озбырлық бұдан кейін де жалғасты. Ауылшаруашылық науқандарына жауапты уәкілетті органдардың шаруалармен қарым-қатынасы Кеңес үкіметінің аграрлық саясатының қатал жүзеге асырылуы кезінде өте шиеленісті және әділетсіз сипатқа ие болды. Әсіресе ұжымдастыру мен тәркілеу науқандары кезінде жергілікті өкілдер мен уәкілетті тұлғалар шаруаларға күш көрсету мен репрессия әдістерін жиі қолданды (АОМА. Қ.3п. Т.1. Іс.457. П.14).

Бүкіл КСРО-да міндетті жеткізілімдерді орындамады деп айыпталған ірі шаруашылық иелеріне қарсы қолданылған репрессиялық шаралардың нәтижесінде салық салу нормасы екі жыл ішінде (1927-1928) 10 есе өсті. Бұл тұрғыда салық заңнамасы маңыздылығы мен тәркілеу жиілігі жағынан басты орын алды, өйткені ол айыптау ісінде жалғыз дәлел әрі негізгі айыптау пункті болды (Огайон, 2009:40).

Өзіне өзі салық салу жүктемесі жаппай ұжымдастыру жылдары екі есе артты. 1930 жылы бұл жүктемеден ұжымшар мүшелері босатылып, ал жеке қожалықтар үшін оның ең жоғары мөлшері бірыңғай ауылшаруашылық салығының 50%-ы болып белгіленді. Сонымен қатар, аудандық атқару комитеттеріне оны 100%-ға дейін арттыру құқығы берілді (Два года, 1931:83). Бұл шаралар, сондай-ақ, жеке шаруашылықтардың өндірістік қуатын шектеуге және оларды ұжымдық жүйеге көшіруге бағытталды.

Алғашқыда шаруа наразылықтары шетелге үдере көшу түрінде байқалса, кейінірек белсенділерге қастық жасау, зиян келтіру, қарулы көтерілістер сияқты әрекеттермен білінді. Ауыл шаруашылық науқандарына жауапты тұлғаларды үйлерінен тіпті ауылдарынан қуып шығу жағдайлары жиілеп кеткен (ШҚОМА. Қ.2866. Т.1. Іс.133).

Әсіресе жергілікті халықтың жаппай көшіп кетуіне салықтық қысымдарда өз әсерін тигізді. Кеңес өкіметінің аграрлық саясаты аясында жүзеге асырылған салық науқандары, әсіресе, салық мөлшерінің тым жоғары болуы мен оны жинау мерзімдерінің қысқа болуы халыққа едәуір қысым келтірді. Мәселен, жағдаймен санаспай, тіземен басқандай дейтіндей әрекеттің көрінісін 1928 жылы 17 ақпанында Мақаншы болыстық атқару комитетінің бұрынғы

уәкілі Қайырқанов Рахметулланың өтінішінен көреміз. Онда ол келесідей жағдайды баяндайды: «Қарқынды салық науқанын өткізу кезінде мен Барлық ауылы бойынша уәкілеттілердің бірі мен едім. Мен сол жерге барып, жұмысқа кіріскенімде, бір тәуліктен кейін менің артымнан ОАК уәкілі Т. Жаманов Барлық ауылына келді, ол екі жерде азаматтар жиналысын өткізіп, халықтың үш күндік мерзімде салықты жинауын талап еткен. Үш күн ішінде салық толығымен жиналмаса мүліктерін тәркілеу шараларына кірісетінін жеткізген. Нәтижесінде бұл халық наразылығына алып келді. Мал мүлкінің тәркіленуінен қорыққан 80 үй-шаруашылықтары Қытайға шекара асып кетті» (Ашаршылық, 2021:150).

1928 жылға дейін қазақтар мемлекеттік шекараны еркін өтіп тұруы, көрші елдерге қоныс аударуы кең таралған құбылыс болатын. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында, әсіресе, 1920-жылдардың ортасына дейін, шекаралас аймақтарда қазақтар мен басқа да халықтар көрші мемлекеттерге, әсіресе Қытай мен Моңғолияға, еркін түрде көшіп-қонды. Бұл көшіп-қону үрдісі сол кезеңде мемлекеттік шекаралар әлі толықтай қатаң бақылауда болмағандықтан, көптеген адамдар өздерін қауіпсіз сезініп, сыртқа кетіп жатты.

1928 жылдың басында, ірі шаруашылық иелерін тәркілеу туралы қауесет тараған кезде, көптеген ауқатты шаруалар Қазақстаннан шет елдерге немесе елдің басқа аймақтарына ауа көшті. «1928 жылдың көктемінде астық және малды реквизициялауға қатысты Семей өңірінен 3 мың қазақтың шағымы түскен. Партия ұйымдарының мәліметінше, Семей өңірінен Қытайға 22 мың мал басы бар 423 шаруа қожалығы қашып кеткен» (Кэмерон, 2020:85). Олардың көпшілігі бай шаруашылықтарын тәркілеу науқаны басталғанға дейін елден кетіп үлгерген. Ұжымдастырудың алғашқы кезеңінде көшпенділердің жағдайы ауыр болды, себебі олар бірнеше ондаған жылдар бойы қалыптасқан дағдарыстарды жеңуге қажетті құралдар мен мүмкіндіктерден толықтай айырылды. «Олардың көші-қон дәліздері азайып, отырықшы тұрғындар топтарына тәуелділік арта түсті. Халықтың едәуір бөлігі кедейленді. Сонымен қатар, табиғи апаттар салдарынан мал басының қатты азаюы (1927 жылғы құрғақшылық пен 1928 жылғы аяз - "жұт") барлық қазақтарды аса қауіпті және осал жағдайға душар етті» (Киндлер, 2017:17).

Кеңес өкіметінің ұжымдастыру саясаты барлық халықтар мен ұлттық топтарға бірдей қолданылды. Бұрынғы патшалақ кезеңдегідей Кеңестік кезеңде де қазақ халқының дәстүрлі көшпелі өмір салты мен қоғамдық құрылымының ерекшеліктері ескерілмеді. Өйткені Кеңес өкіметі өзінің аграрлық және саяси реформаларын негізінен отырықшы қоғамдардағы тәжірибелер мен модельдерге сүйене отырып жүзеге асырды. Алғашында, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру шаралары көшпелі қоғамға мүлдем түсініксіз болды. Ұжымдастырудың мақсаты – жеке меншік шаруашылықтарды біртұтас ұжымдық шаруашылықтарға біріктіру болса, ал көшпенділердің дәстүрлі өмір салты мен шаруашылық жүргізу тәсілдері, негізінен мал шаруашылығына, еркін көшу мен жайылымдық жерлерді пайдалану қағидаттарына сүйенген еді.

Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру жағдайында қалыптасқан ауыртпалыққа ауыл тұрғындарының бір бөлігі төзе алмай шекара асуға бел буып, елдегі қысымнан қашып жатты. Партия қызметкерлері қашқындардың көпшілігінің бай емес, қарапайым шаруалар болғанына таң қалды. (Кэмерон, 2020:126). Ал, БМСБ-сы оларды банданың белсенді мүшелері деп «контрреволюциялық элементтер» қатарына жатқызды (Саяси, 2022:220).

Семей округіне қарасты Шыңғыстау ауданының тұрғыны Ике Әділов бұрын болыс болған, ірі шаруашылық иесі ретінде кеңестердің назарына ілігеді. 1927 жылы БМСБ алқасының қаулысы бойынша Рубцовск өңіріне әкімшілік жер аударылған ол, ұжымдастыру жылдары 1928 жылы ол жақтан қашып кетіп, Шаған бойындағы тауларға жасырынған» (Нәсенов, 2006:239). Кейін Кеңестердің бәрі-бір қоймайтынын сезіп, туыстарымен көшіп кеткен. Ике Әділұлымен бірге Қытай жеріне көшіп барған оның туысы Матайбаев Қабдылқанның ұлы Серікбол бізге берген ауызша естелігінде: «- Зобалаң уақытта әкем ағасы Икемен бірге арғы бетке (Қытай жеріне) өтеді. Кеңес жағы Икені сондағыларға Қытай жерінде ұстатып, Қазақстанға әкеліп көзін жойған» - деді (Далалық материалдар. Информант Қабдылқакұлы С.).

Жергілікті билік көші-қон жағдайын реттеу мақсатында шаруаларға арнайы шарттар мен мерзімдер белгілеп, оларға қайта оралу үшін жеңілдіктер ұсынды. Бұл шешімдердің негізгі шарты — шаруалар 15 күн ішінде өз малдары мен мүліктерін алып, қайтып оралса, оларды жазалау немесе қудалау шараларынан босату болды (АОМА. Қ. 74. Т.3. Іс.17. П.10). Яғни, бұл шара бір жағынан көшіп кеткен шаруаларға әлеуметтік амнистия ұсынса, екінші жағынан — биліктің ауыл шаруашылығын қалпына келтіру мен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған шарасы ретінде қарастырылды.

Большевиктер рулық қатынастар ең артта қалған кедей шаруалар арасында кең таралған деп санады. Сонымен қатар, кедей шаруалар «сауатсыз және мәдениетсіз болғандықтан, байлармен байланысты үзуден бас тартып, қанаушыларын қорғауды жалғастырды» деген көзқараста болды (Zhirindinova, Zhanbosinova, Atantaeva, 2019:176). Бұл кезеңдегі ауылдық қоғамның өзгеруі мен трансформациясы тек әлеуметтік және экономикалық мәселелермен ғана емес, сонымен қатар мәдени және психологиялық деңгейде де күрделі болды. Байлар мен кедейлер арасындағы әлеуметтік қарама-қайшылықтар, рулық және дәстүрлі қатынастардың сақталуы, жаңа билік құрылымдары мен кеңес үкіметінің идеологиясын қабылдауға кедергі келтірді. Мұның бәрі қоғамдық қарым-қатынастарды қайта құру процесінің ұзақ әрі қиын болғанын көрсетеді.

Кеңес өкіметі қазақ халқының дәстүрлі «рулық қатынастарын» жою мақсатында қолданған негізгі шараларының бірі — жергілікті басқару органдарына ұжымшар төрағаларын және басқа да лауазымды тұлғаларды жергілікті халық арасынан емес, сырттан тағайындау болды. Бұл шараның басты мақсаты – ауылдық, болыстық деңгейде билік құрылымдарының бұрынғы әлеуметтік және рулық құрылымдардан тәуелсіз болуын қамтамасыз ету. Жергілікті халықтың дәстүрлі басқару жүйесінен тыс, кеңес өкіметі сырттан келген кадрларды басқаруға тарту арқылы өз бақылауын күшейтуге тырысты. Бұл әдіс жергілікті билік органдарының дәстүрлі құрылымдарын ескермей, партияның ықпалын арттыру мақсатында қолданылды.

Жаппай ұжымдастырудың бірінші жылы бүкіл елде азық-түлік тапшылығының туындауына себеп болды, себебі бұл ауқымды шара астық дайындау науқанымен қатар жүргізілді. Сонымен қатар, табиғи климаттық факторлар да жағдайды қиындатты: елдің негізгі астық өндіретін аудандарында құрғақшылықтың салдарынан өнімнің мөлшері айтарлықтай төмендеді, бұл өз кезегінде азық-түлік тапшылығын ұлғайтты. Ұжымдастыру кезеңінде Қазақстанда, Сібірде, Орта және Төменгі Еділде, Татарстанда, Башқұртстанда, Солтүстік Кавказда және Украинаның бірқатар аудандарында шаруалардың ашаршылыққа ұшырағандығы туралы көптеген хабарламалар пайда болды. Бұл мәселе әлеуметтік-экономикалық ауыртпалықтардың нәтижесінде туындады, себебі жаппай ұжымдастыру мен астық дайындау науқаны ауыл шаруашылығында үлкен дағдарыс тудырып, азық-түлік тапшылығын тереңдетті. Мәселен, Қазақстанның Семей, Ақтөбе және Павлодар өңірлерінде 109,8 мың адамның ашаршылыққа ұшырағаны жөнінде нақты деректер тіркелді (Кондрашин, 2008:72).

1928 жылғы 27 тамыздағы Қазақ АКСР-і ХКК-нің "Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу және жер аудару туралы" қаулысын қолдану жөніндегі 1928 жылы 30 тамызда қабылданған Нұсқаулығына сәйкес (АОМА. Қ.74. Т.3. Іс.17. П.5), «тәркілеу шаралары бүкіл КАССР аумағында бір мезгілде жүргізілуі тиіс еді» (Неизвестные страницы, 2002:67). Бұл нұсқаулық негізінде тәркіленгендерді жер аударуға тиісті аудандар да анықталды. Жалпы Семей округі және Қарқаралы уездері мысалында алсақ, жер аударылғандар Семейден - Сыр-Дарияға, Қостанайдан - Семейге, Қарқаралыдан - Қостанайға, Ақтөбеден - Қарқаралы өңірлеріне жер аударылып жіберіліп жатты (АОМА. Қ.74. Т.3. Іс.17. П.3).

Тәркілеу шараларының алғашқы кезеңінде 1929 жылғы 9 сәуірдегі ресми мәлімет бойынша Қазақ өлкесі бойынша тәркілеуге белгіленген 700 шаруашылықтың 696-сы тәркіленген. Аталған жылдың сәуір айында Семей, Қарқаралы өңірлері бойынша шаруашылық иелерін тәркілеу нәтижелері туралы мәлісеттерді 2 - кестеден көреміз.

Кесте 2 - Тәркілену мен жер аударуға ұйғарылған шаруашылықтар саны
(Ашаршылық. Голод, 2020:772)

Өңір атаулары	Семей	Қарқаралы
Тәркілену мен жер аударуға ұсынылды	88	58
Іс жүзінде тәркіленгендер	64	56
Отырықшы	13	
Жартылай отырықшы	51	56
Ірі малшылар	44	48
Жартылай феодалдар	20	8
Жер аударылды	60	56
Мал басын тәркілеуге ұсынылды	12000	16027
Іс жүзінде тәркіленген мал басы	9113	12702

Бұл кестедегі деректер бойынша Семей округінде 64 қожалық тәркіленіп, 9113 бас мал алынған. Кейінірек Семей өңірлік комитеті берген ақпараттарда 61 шаруашылық көрсетіледі. Осылайша, бұл көрсеткіштер кейін тағы 3 шаруашылыққа кеми түскен, себебі жергілікті билік шағын шаруашылықтарды біріктіріп, оларды ірі шаруашылықтар ретінде көрсетіп, заңсыз тәркілеген (АОМА. Қ.74. Т.3. Іс.17. П.161). Осы заңсыздықтарды үкімет басшылары Н. Нұрмақов пен Е. Ерназаровтың жолдаған телеграммалары ашып көрсетеді. Олар: «Шаруашылықтардың еш негізсіз біріктірілгендігін» айтып, бұл әрекеттердің дұрыстығын дәлелдейтін нақты құжаттарды сұраған (АОМА. Қ.74. Т.3. Іс.17. П.125). Құжаттардан белгілі болғандай, жергілікті атқарушы органдар өз шешімдерін нақты деректермен заңды негіздермен дәлелдей алмаған.

Прокуратура мәліметтері бойынша, 1929 жылдың 5 ақпанына дейінгі жергілікті жерлерден алынған хабарларға сүйене отырып, қайтарылған мүлік туралы мынадай деректер келтірілген: ірі және ұсақ қара – 21188 бас, айыппұлдар – 109004 рубль, астық – 12626 пұт, түрлі мүлік – 9320 рубль, үйлер – 52, киіз үйлер – 14, амбарлар – 40, диірмендер – 51, зауыттар – 7, түрлі машиналар мен құралдар – 143 дана. Заңсыз тәркіленген мүлікті қайтару жөніндегі комиссия төрағасы Н. Жалнинде өз баяндамасында өкілетті тұлғалардың біліктілігі туралы: «...Тәжірибелі жұмысшылар жоқ, әлсіздер жіберілді, және мен оларға жеке өзім нұсқау бергеніммен, олардың жұмысы мені алаңдатады. Олар қателіктер жіберіп, мен қаласам да, қаламасам да, қайтадан түзетуге тура келеді», - деп атап өтеді (Саяси, 2022:216).

Сонымен қатар, ұжымдастыру жылдары, ірі шаруашылық иелері мен қатар бұрынғы би-болыстар мен хан-сұлтандардың ұрпақтары, сондай-ақ қазақ қоғамында әлеуметтік артықшылықтарға ие болған үстем тап өкілдері деп танылғандар да, кеңес үкіметі тарапынан бағытталған күрестің нысанасына айналды. Олардың ықпалын әлсіретуге бағытталған шаралар күшейтіліп, осы топтардың мал-мүлкі тәркіленіп, олардың әлеуметтік мәртебесін жою мақсатында кең ауқымды репрессиялар жүргізілді (АОМА. Қ.74. Т.3. Іс.6. П.1). Бұл кезеңде көптеген ауқатты қазақтар мен дәстүрлі билік өкілдері тұтқындалып, сырттай сотталды, тіпті қудалаудың нәтижесінде көптеген адамдар лагерлерге жіберілді немесе атылды.

Бұл кезеңде жергілікті жауапты қызметкерлердің жағдайы да мәз емес еді. Мәселен, Белағаш аудандық партия комитетінің төрағасы Бармбейн 36 сағат ішінде 62 кулактың тізімін беруді талап еткен (АОМА. Қ.3. Т.1. Іс.462. П.8). Мұндай қатаң нұсқаулар жергілікті партия басшылары мен билік органдарына үлкен қысым әкелді. Жоғарыдан түскен шұғыл тапсырмаларды орындау үшін жергілікті қызметкерлер заңсыздыққа баруға, жалған айыптауларды пайдалана отырып, орта шаруаларды «кулак» деп көрсетуге мәжбүр болған. Осы мәселеге қатысты 1930 жылы 10-12 мамыр аралығында өткен II-Белағаш конференциясында жергілікті қызметкерлер «өздеріне психологиялық қысым көрсетілгендерін де жасырмаған. Сонымен қатар, ұжымшарларға күштеп кіргізу шаралары

Өңірлік комитеттің қызметкерлерінің тікелей қатысуымен өткендігін де атап өткен (АОМА. Қ.3. Т.1. Іс.462. П.22).

Дәл осындай әкімшілік озбырлық Зырян ауданында да байқалды. Семей округтік комитетінің басшылығы аудандағы ұжымдастыру шараларының тым баяу жүріп жатқанын алға тартып, оны жеделдету үшін қатал шаралар қабылдауды талап еткен. Бұл ауданда 1929 жылдың қараша айы мен 1930 жылдың қаңтар айы аралығында, небәрі 2-3 ай ішінде, ұжымдастыру көрсеткіштері 27%-дан 46%-ға дейін өседі (ШҚОМА. Қ.2866. Т.1. Іс.501. П.13). Осының нәтижесінде, ұжымдастырудың осындай жеделдетілген қарқыны жергілікті халық үшін ауыр қиындықтар мен зардаптарға әкелді. Семей округтік комитеті мен жергілікті билік өкілдері ұжымдастыруды жеделдету мақсатында халыққа қысым көрсетіп, шаруашылық иелерінің мал-мүлкін тәркілеу шараларын күшейтті.

Тіпті, кейбір жағдайларда жергілікті қызметкерлердің шаруаларға қатысты қолданған репрессиялары сол кезеңде ұжымдастыру процесін жүзеге асырудың қажетті бір бөлігі ретінде қарастырылды (АОМА. Қ.3. Т.1. Іс.462. П.22). Алайда, бұл мәселеде тек жергілікті билікті айыптау қиын, өйткені жергілікті басшылық тарапынан атқарушы уәкілеттілерге ауыл шаруашылығын жүргізу бойынша нақты нұсқаулықтар берілген және қажетті шаралар қабылданған (Қ.74. Т.3. Іс.6. П.14). Дегенмен, құқықтық нормалардың жетіспеушілігі мен жергілікті билік органдарының тәжірибесінің жеткіліксіздігі нәтижесінде атқарылған шаралар жергілікті деңгейде көптеген қателіктерге әкелді.

Ф. Голощекин 1929-1931 жылдар аралығындағы шаруа толқуларына қатысты пікірінде жергілікті биліктің әлсіз жұмысын және кеңестік партия ұйымдарының өз қызметтерін уақытында қайта құра алмай, нұсқауларды шектен тыс орындағанын атап өткен. Сондай-ақ, бұл жағдайлар социалистік қайта құруларға қарсы басқөтерулерге әкеп соққанын айта кеткен жөн (АОМА. Қ.3п. Т.1. Іс.414. П.113).

Қорытынды

Кеңес Одағының идеологиясы мен саясаты негізінде 1920-1930 жылдары Қазақстан әлеуметтік және экономикалық ауыр өзгерістер кезеңінен өтті. Бұл кезеңде Қазақстан басқа да одақтас республикалар тәріздес әлеуметтік эксперимент жүргізуге арналған социалистік құрылыстың тәжірибе алаңына айналды десек болады. Кеңес үкіметі Қазақстанды марксистік-лениндік принциптер тұрғысынан қайта құруды мақсат етті, алайда бұл өзгерістер елдің дәстүрлі өмір салты мен мәдениетіне теріс әсерін тигізді. Әлеуметтік және экономикалық қайта құрулар ауылдық жерлерде шаруалардың тұрмыс жағдайын ауырлатып, олардың дәстүрлері мен тіршілік жүйесіне елеулі нұқсан келтірді.

Ф.Голощекиннің жетекшілігімен жүзеге асырылған ауыл шаруашылығы науқандарында, әсіресе астық жинау мен оны дайындауға ерекше көңіл бөлінді. Өлкелік комитеттен өңірлерге жолданған нұсқаулар осы мәселелердің жоғары маңыздылығын көрсетеді. Сонымен қатар, үкімет басшылары ауылдық аймақтардағы саяси жағдайдың тұрақтылығын сақтауға айрықша назар аударды. Бұл кезеңде ауыл шаруашылығына қатысты науқандардың тиімді жүзеге асуы тек экономикалық көрсеткіштермен ғана емес, сонымен қатар саяси тұрақтылықпен де тығыз байланысты болды. Сол себепті кез-келген антикеңестік көңіл-күй қатаң қудаланып, жойылуы тиіс болды.

Шаруалардың әлеуметтік жағдайы мен экономикалық қиындықтары жиі арыз-шағымдар түрінде ресми органдарға жолданған. Ресми деректерге сүйенсек, Нұрмақов пен Ерназаровтың басшылығында бұл мәселелерге айрықша көңіл бөлінген. Олар жергілікті басшылық тарапынан атқарылған әр істің есебін сұрап, жағдайды қатаң бақылауда ұстады. Арыз-шағымдардың жиі түсуі жергілікті билік органдарын шаруаларға қатысты мәселелерді шешуге және орын алған қателіктерді түзетуге ынталандырды.

Сайып келгенде, Кеңес үкіметі өз билігінің күштеу әлеуетін пайдалана отырып, партияның нұсқауымен жергілікті органдарға өз шешімдерін іске асыруды жүктеді. Бұл шешімдер көбінесе қоғамның тарихи заңды дамуына қайшы келіп, нәтижесінде мал

шаруашылығы аймақтарында толық экономикалық құлдырауға және гуманитарлық күйреуге алып келді. Кеңес үкіметі елдегі ауқымды социалистік құрылыс жоспарларын ауыл шаруашылығын ұжымдастыру мен шаруаларды қанау арқылы жүзеге асыруды мақсат етті. Бұл саясаттың салдарынан шаруалар өздерінің дәстүрлі шаруашылық құрылымдарын жоғалтып, ауылдық аймақтардың әлеуметтік және экономикалық ахуалы күрт нашарлады.

1928-1930 жылдары қазақ өлкесіндегі ұжымдастыру шараларының алғашқы кезеңінде-ақ халықтың Кеңестік билікке деген сенімі жоғалды. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру барысында қазақ қоғамын күштеп седентаризациялау процесі көшпелі шаруашылық жүргізу дәстүрінің жойылуына алып келді. Осындай жағдайда бүгіндері заңды деп табылатын шаруалардың жаппай наразылықтары етек алды. Осылайша, Кеңестік биліктің жүргізген ұжымдастыру шараларының алғашқы жылдарында-ақ халық ауыр күйзеліске ұшырап, бас сауғалап жан жаққа кетуге мәжбүр болды. «Қазақ қоғамындағы үстемтап өкілдерін жою» деген желеумен іске асырылған қысым саясаты қазақ халқының ұлттық қалыптасу үдерісінде, сапалық құрамына орны толмас ауыр зардаптарын тигізді.

1920-30 жылдары қазақ қоғамының дәстүрлі тарихи дамуын бір мезетте тоқтатқан, орыны толмас кері әсерін тигізген кеңестік саясаттың зардаптары болашақта да талай зерттеулерге негіз болмақ.

Әдебиеттер тізімі

Абылхожин Ж. Очерки социально-экономической истории Казахстана. XX век. – Алматы: Университет «Туран», 1997. – 360 б.

Авторлардың далалық зерттеу материалдары 2022 ж. Информант Қабдылқақұлы С., Абай облысы, Абай ауданы, Саржал ауылы)

Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сборник документов. Т 1. Алматы: «Атамұра», 2021. – 920 б.

Данилов В.П. Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927 — 1939 / Советская деревня в годы «Большого террора». (5 том.), Т 1. – М.: РОССПЭН: 1999. – 880 с.

Два года работы: материалы к отчету Правительства РСФСР на пятнадцатом Всероссийском съезде советов / под общ. ред. Д. З. Лебедь. - [М.]: «Советское законодательство», 1931. – 159 с.

Ивницкий Н.А. Репрессивная политика советской власти в деревне (1928-1933 гг.) РАН. Ин-т рос. истории, Университет г. Торонто (Канада). - М., 2000. – 350 с.

Изабель Огайон. Седентаризация казахов СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения (1928-1945 г.г.). – Алматы: «Санат», 2009. – 365 с.

Известия ЦК КПСС: Архивные материалы / Подготовка публикации коллективом авторов. — 1991. — № 5. — 227 с.

Известия ЦК КПСС: Архивные материалы / Подготовка публикации коллективом авторов. — 1991. — № 6. — 227 с.

Кондрашин В.В. Голод 1932-1933 годов: трагедия российской деревни / – М.: РОССПЭН: 2008. – 519 с.

Қозыбаев М.Қ., Алдажұманов Қ.С., Әбілқожин Ж.Б. Қазақстандағы күшпен коллективтендіру: қорлық пен зорлық. – Алматы, 1992. – 36 б.

Насильственная коллективизация и голод в Казахстане в 1931-1933 гг. Сборник документов и материалов. Алматы: Фонд «XXI век», 1998. – 263 с.

Нәсенов Б. Абыралы қанды жылдары (1905-1945). Т 2. Құжаттар жинағы. Алматы – Новосибирск. 2006. – 644 б.

Неизвестные страницы истории Семипалатинского Прииртышья (20-30 гг. XX в.): сборник документов, Семипалатинск, 2002. – 249 б.

Омарбеков Т. 20–30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы. – Алматы: «Санат», 1997. – 320 б.

Омарбеков Т. Зобалаң (күштеп ұжымдастыруға қарсылық): Оқу құралы. – Алматы: «Санат», 1994. – 272 бет.

Роберт Киндлер. Сталинские кочевники: Власть и голод в Казахстане / Москва. Политическая энциклопедия, 2017. – 382 с.

Сара Кэмерон. Голодная степь: Голод, насилие и создание Советского Казахстана. – / Пер. с англ. Алексей Терещенко. – Москва: Новое литературное обозрение, 2020. – 360 с.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары). – Астана, 2022. – 384 б.

Советская деревня глазами ВЧК, ОГПУ, НКВД. 1923-1929 гг. Документы и материалы. Т 2. РОССПЭН, 2000. – 1168 с.

Трагедия казахского аула. 1928-1934: Сборник документов. Т 1. Алматы: «Раритет», 2013. – 743 б.

Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. Документы и материалы. Т 2. ноябрь 1929 — декабрь 1930. Москва РОССПЭН, 2000. – 927 с.

Уголовный кодекс РСФСР редакции 1926 года. Москва: 1927 г.

Zhirindinova, K.R., Zhanbosinova, A.S., Atantaeva, B.Zh. Social adaptation of Kazakh nomads in the period of forced collectivization. //Opción, Año 35, Especial No.23 (2019): 164-180.// <https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/30037/31074>

Қысқартылған сөздер тізімі:

ҚазақАКСР – Қазақ автономиялы кеңестік социалистік республикасы

ЖШИ - Жұмысшы шаруалар инспекциясы

БОАК – Бүкілресейлік Орталық атқару комитеті

ӨӨ БМСБ – Өкілетті өкілдік Біріккен мемлекеттік саяси басқарма (ПП ОГПУ)

РК(б)П – Ресей коммунистік большевиктер партиясы

ХКК – Халық комиссарлар кеңесі

БАК – Болыс атқару комитеті

БМСБ - Біріккен мемлекеттік саяси басқармасы (ОГПУ)

Бакыт Ж. Атантаева¹, Айжан Р. Ботабекова², Мадие Е. Турлыбаев³

Университет имени Шакарима города Семей, Казахстан

КОЛЛЕКТИВИЗАЦИЯ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА В СЕМИПАЛАТИНСКОМ ОКРУГЕ: АДМИНИСТРАТИВНОЕ НАСИЛИЕ И ЕГО ПОСЛЕДСТВИЯ (1928–1930 ГГ.)

Аннотация. В 1920-1930 годах проведенные в Казахстане политико-экономические реформы привели к необратимым изменениям в социальном и культурном аспектах. Аграрная политика советского правительства, включая коллективизацию и меры по ликвидации скотоводства, кардинально изменила традиционный образ жизни и хозяйственные структуры казахского народа, а также усилила социальную нестабильность в сельских районах. В настоящее время по данной теме проводится множество исследований как отечественными, так и зарубежными историками. В их работах анализируются причины и последствия коллективизации, а также высказываются новые взгляды и выводы относительно глубоких следов этих реформ в историческом и культурном развитии казахского народа. Однако на региональном уровне, особенно в отношении особенностей коллективизации в разных областях Казахстана и её воздействия на местное население, проведено недостаточно исследований. Недостаток региональных исследований затрудняет более глубокое понимание того, как проводилась коллективизация на уровне страны и какие имелись местные

особенности. Расширение числа таких исследований, безусловно, способствует более точной оценке местных условий и общественно-политической ситуации.

В статье анализируются начало коллективизации сельского хозяйства в Советском Союзе в 1928-1930 годах и особенности её реализации в Восточном Казахстане на основе архивных данных и статистических материалов. Также рассматриваются региональные особенности реализации коллективизации и её последствия для местного населения.

На основе архивных материалов анализируются причины коллективизации, перегибы в реализации государственной программы по сдаче зерна, а также незаконные действия местных органов власти. Особое внимание уделяется последствиям коллективизации для казахских деревень и районов с русскоязычным населением. В ходе исследования рассматриваются также несправедливые меры, принятые руководством ЦК ВКП(б) в отношении сельских жителей.

Ключевые слова: Коллективизация, сельское хозяйство, реформа, экспроприация, миграция, сопротивление, переселение, депортация, местные органы, перегибы.

Baqyt Zh. Atantaeva¹, Aizhan R. Botabekova², Madi E. Turlybaev³
Semey University named after Shakarim, Semey, Kazakhstan

THE COLLECTIVIZATION OF AGRICULTURE IN THE SEMIPALATINSK REGION: ADMINISTRATIVE REPRESSION AND ITS CONSEQUENCES (1928–1930)

Abstract. In the 1920s and 1930s, the political and economic reforms carried out in Kazakhstan resulted in irreversible transformations in the social and cultural spheres. The agrarian policies of the Soviet government, including collectivization and measures aimed at reducing livestock farming, fundamentally altered the traditional way of life and economic structures of the Kazakh people, while exacerbating social instability in rural areas. At present, numerous studies on this topic are conducted by both domestic and international historians. These works examine the causes and consequences of collectivization and present new perspectives on the profound impact of these reforms on the historical and cultural development of the Kazakh people. However, regional studies, particularly those focused on the peculiarities of collectivization in various regions of Kazakhstan and its impact on local populations, remain insufficient. The lack of regional research hinders a deeper understanding of how collectivization was implemented at the national level and its local particularities. Expanding such studies would undoubtedly contribute to a more accurate assessment of local conditions and the socio-political situation.

This article analyzes the beginning of agricultural collectivization in the Soviet Union during 1928-1930 and its implementation in Eastern Kazakhstan, based on archival data and statistical materials. The regional peculiarities and consequences of the collectivization policy are discussed.

Drawing on archival materials, the article explores the causes of collectivization, the excesses in the implementation of the state grain procurement program, and the illegal actions of local authorities. Special attention is paid to the consequences of collectivization for Kazakh villages and areas with Russian-speaking populations. The study also examines the unjust measures imposed by the leadership of the Central Committee of the All-Union Communist Party (Bolsheviks) on rural residents.

Key words: Collectivization, agriculture, reform, expropriation, migration, resistance, relocation, deportation, local authorities, excesses.

References

Abylhozhin Zh. Ocherki social'no-jekonomicheskoy istorii Kazakhstana. XX vek. [Essays on the socio-economic history of Kazakhstan. XX c.] – Almaty: Universitet «Turan», 1997. – 360 p. [in Russian].

Asharshylyk. Golod. 1928-1934. Dokumental'naja hronika. Sbornik dokumentov. T 1 [Hunger. 1928-1934. A documentary chronicle. Collection of documents. T 1.]. Almaty: «Atamura», 2021. – 920 p. [in Russian].

Avtorlardyn dalalyk zertteu materialdary 2022 zh. [Materials of the authors' field research 2022] Informant Kabdylkakuly S., Abaj oblysy, Abaj audany, Sarzhal auyly) [in Kazakh].

Danilov V.P. Tragediya sovetskoj derevni. Kollektivizacija i raskulachivanie. 1927 — 1939 / Sovetskaja derevnja v gody «Bol'shogo terrora». (5 tom.), T 1 [The tragedy of the Soviet village. Collectivization and dispossession. 1927 — 1939 / The Soviet village during the "Great Terror". (Volume 5), Volume 1.] – M.: ROSSPJeN: 1999. – 880 p. [in Russian].

Dva goda raboty : materialy k otchetu Pravitel'stva RSFSR na pjatnadcatom Vserossijskom s#ezde sovetov [Two years of work: materials for the report of the Government of the RSFSR at the Fifteenth All-Russian Congress of Soviets] / pod obshh. red. D. Z. Lebed'. - [M.]: «Sovetskoe zakonodatel'stvo», 1931. – 159 p. [in Russian].

Ivnickij N.A.. Repressivnaja politika sovetskoj vlasti v derevne (1928-1933 gg.) [The repressive policy of the Soviet government in the countryside (1928-1933)] RAN. In-t ros. istorii, Universitet g. Toronto (Kanada). - M., 2000. – 350 p. [in Russian].

Izabel' Ogajon. Sedentarizacija kazahov SSSR pri Staline. Kollektivizacija i social'nye izmenenija (1928-1945 g.g.). [Sedentarization of Kazakhs of the USSR under Stalin. Collectivization and social change (1928-1945).] – Almaty: «Sanat», 2009. – 365 p. [in Russian].

Izvestija CK KPSS: Arhivnye materialy / Podgotovka publikacii kollektivom avtorov [News of the Central Committee of the CPSU: Archive materials / Preparation of the publication by a team of authors.]. — 1991. — № 5. — 227 p. [in Russian].

Izvestija CK KPSS: Arhivnye materialy / Podgotovka publikacii kollektivom avtorov [News of the Central Committee of the CPSU: Archive materials / Preparation of the publication by a team of authors.]. — 1991. — № 6. — 227 p. [in Russian].

Kondrashin V.V. Golod 1932-1933 godov: tragedija rossijskoj derevni [Famine of 1932-1933: the tragedy of the Russian countryside] / – M.: ROSSPJeN: 2008. – 519 p. [in Russian].

Kozybaev M.K., Aldazhumanov K.S., Abilkozhin Zh.B. Kazakstandagy kushpen kollektivtendiry: korlyk pen zorlyk [Collectivization by force in Kazakhstan: humiliation and violence.]. – Almaty, 1992. – 36 p. [in Kazakh].

Nasil'stvennaja kollektivizacija i golod v Kazahtane v 1931-1933 gg. Sbornik dokumentov i materialov [Forced collectivization and famine in Kazakhstan in 1931-1933. Collection of documents and materials]. Almaty: Fond «HHI vek», 1998. – 263 p. [in Russian].

Neizvestnye stranicy istorii Semipalatinskogo Priirtysh'ja (20-30 gg. XX v.) [Unknown pages of the history of the Semipalatinsk Irtysh region (20-30 years The twentieth century.)]: collection of documents, Semipalatinsk, 2002. – 249 p. [in Russian].

Nasenov B. Abyraly kandy zhyldary (1905-1945). T 2. Kuzhattar zhinagy [The bloody years of abraly (1905-1945). T 2. collection of documents.]. Almaty – Novosibirsk. 2006. – 644 p. [in Kazakh].

Omarbekov T. 20–30 zhyldardagy Kazakstan kasireti [The tragedy of Kazakhstan in the 20-30s]: Komekshi oku kuraly. – Almaty: «Sanat», 1997. – 320 p. [in Kazakh].

Omarbekov T. Zobalan (kushtep uzhymdastyruqa karsylyk) [Zobalan (resistance to forced collectivization)]: Oku kuraly. – Almaty: «Sanat», 1994. – 272 p. [in Kazakh].

Robert Kindler. Stalinskie kochevniki: Vlast' i golod v Kazahstane [Stalin's Nomads: Power and Famine in Kazakhstan] / Moscow. The Political Encyclopedia, 2017. – 382 p. [in Russian].

Sajasi kugyn-surgin kurbandaryn tolyk aktau zhonindegi Memlekettik komissijanyn materialdary (XX gasyrdyn 20-50 zhyldary). T 22. [Materials of the State Commission for the Complete Rehabilitation of victims of Political Repression (20-50 years of the twentieth century). T 22. collection of documents.]. – Astana, 2022. – 384 p. [in Kazakh].

Sara Kjemeron. Golodnaja step': Golod, nasilie i sozdanie Sovetskogo Kazahstana [The Hungry Steppe: Famine, Violence, and the Creation of Soviet Kazakhstan]. – / Per. s angl. Aleksej Tereshhenko. – Moscow: New Literary Review, 2020. – 360 p. [in Russian].

Sovetskaja derevnja glazami VChK, OGPU, NKVD. 1923-1929 gg. Dokumenty i materialy. T 2. [Materials of the State Commission for the full rehabilitation of victims of political repression (20-50s of the XX century). T 2.]. ROSSPJeN, 2000. – 1168 p. [in Russian].

Tragedija kazahskogo aul. 1928-1934: Sbornik dokumentov. T 1. [The tragedy of the Kazakh village. 1928-1934: Collection of documents. T 1.]. Almaty: «Raritet», 2013. – 743 p. [in Russian].

Tragedija sovetskoj derevni. Kollektivizacija i raskulachivanie. Dokumenty i materialy. T 2. nojabr' 1929 — dekabr' 1930 [The tragedy of the Soviet village. Collectivization and dispossession. Documents and materials. T 2.]. Moscow ROSSPJeN, 2000. – 927 p. [in Russian].

Ugolovnyj kodeks RSFSR redakcii 1926 goda [The Criminal Code of the RSFSR, as amended in 1926]. Moscow: 1927. [in Russian].

Zhirindinova, K.R., Zhanbosinova, A.S., Atantaeva, B.Zh. Social adaptation of Kazakh nomads in the period of forced collectivization. //Opción, Año 35, Especial No.23 (2019): 164-180.// <https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/30037/31074> [in English].

Авторлар туралы мәліметтер

Атантаева Бакыт Жумагазиевна – тарих ғылымдарының докторы, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің профессоры, Семей, Қазақстан.

Ботабекова Айжан Рымбековна – тарих магистрі, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің оқытушысы, Семей, Қазақстан.

Турлыбаев Мәди Ермекович – докторант, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан.

Information about the authors

Atantayeva Bakyt Zhumagazievna – Doctor of Historical Sciences, Professor at Semey Shakarim University, Semey, Kazakhstan.

Botabekova Aizhan Rymbekovna – Master of History, lecturer at Semey Shakarim University, Semey, Kazakhstan.

Turlybaev Madi Ermekovich – PhD candidate, Shakarim University, Semey, Kazakhstan.

Сведения об авторах

Атантаева Бакыт Жумагазиевна – доктор исторических наук, профессор Университета имени Шакарима города Семей, Семей Казахстан.

Ботабекова Айжан Рымбековна – магистр истории, преподаватель Университета имени Шакарима города Семей, Семей Казахстан.

Турлыбаев Мәди Ермекович – докторант, университет имени Шакарима г. Семей, Семей, Казахстан.

ҒТАХР 03.81.35

XX ҒАСЫРДЫҢ ІІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Надира А. Махметова ¹, Жанна С. Аубакирова ²

¹С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті (Өскемен, Қазақстан)

²Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті